



НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ



Ө Н Е Г Е Л І Ө М І Р

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз.)

Қ 40

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Қапалбекұлы Н.

Қ 40 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 196. – 378 б., сур.

ISBN 978-601-04-4320-4

Бұл кітапта көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлының «Шер», «Миллионер», «Томар» секілді оқырманның ыстық ықыласына бөленген әсерлі әңгімелері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері жинақталған. Сондай-ақ қарымды қаламгердің ұлтым деп соққан жүрегі, азаматтық келбеті хақында өмір сапарында бірге жүрген замандастарының: қаламдастары мен достарының, ізін басқан шәкірттері мен туыстарының жүрекжарды лебіздері берілген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз.)

ISBN 978-601-04-4320-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі	5
Нағашыбек Қапалбекұлы	7
Сүлейменов О. Қаламгерлік пен қайраткерлікті тең ұстаған	9
Мұрағат құжаттары	14

Н. Қапалбекұлының шығармашылығынан

Шер	28
Миллионер	40
Қара жердің құшыры	51
Елес	64
Томар	78
Үрей	92
Құт пен жұт	107
Суықтөбенің ұлары	138

Қарымды қаламгер, қайраткер тарихшы

Нұршайықов Ә. Сүбелі, құнды шығарма	158
Нәрібаев К. Талантты жазушы, танымды тарихшы	159
Елубай С. Нағашыбек накыштары	166
Қалижан У. Даналықтан даралыққа беттеген	172
Әбжанов Х. Үндемей-ақ үйдей іс тындыратын азамат	176
Тұрлашов Л. Абырой биігінде	178
Балықбаев Т. Кемел ойлы, зерделі жазушы	181
Жалаири Ө. Қарымды қаламгер, дарынды қайраткер	188
Баймырзаев Қ. Ұлт ұлыларын ұлықтаған тұлға	191
Омарбеков Т. «Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді»	193
Алтаев Ж. Пайым мен парасат иесі	200
Кәрібаев Б. Сана мен сапа	210
Ноғайбаева М. Төл тарихтың жоқшысы	215
Медеубекұлы С. Жақсылықтың жанашыры, жоғалғанның жоқшысы	220
Дәдебаев Ж. Азаматтық ұстанымы асыл	226
Мәуленов А. Ағадан – ақыл, ініден – ізет	230

Юхма М.Н. Грани добра и коварства в повести	
Нағашыбека Капалбекулы «Туман, спустившийся с гор»	235
Ақыш Н. Идеялық дәнегі – ұлттық рух	238
Тебегенов Т. Нағашыбек – көрнекті жазушы-суреткер, этнограф-ғалым, қоғам қайраткері	243
Ерғалиев Ж. Дара талант, биік тұлға	260
Отарбаев М. Қанатты қаламгер.....	265
Кынажы Ж. Ұлттық құндылықтарды паш еткен	270
Өздемир А. Ізденімпаз жазушы	273
Алимбаев А. Аталар жолун улаған азамат уул.....	278
Раджабов К. Достық – алтыннан да қымбат	282
Имашұлы Б. Мен білетін Нағашыбек	284
Айтбаев Т. Тарихымызды тірілткен рухты тұлға	291
Даутбек А. Неутомимый исследователь и мастер литературного слова	297
Сыдықбеков О., Қазтаев Б. Он тоғызымызда от кештік.....	301
Ахетов А. Суровой правдой поражая	306
Егізбаева А. Әулет тірегі.....	309

Шәкірттер лебізі

Сүйінбай Т. Мәліктің Нақаң ағасы – өзіміздің Нәкең!	314
Әбдірахым Н. Ақылшы аға, тәлімгер ұстаз	321
Ізбасар М. Кісілік келбет.....	325
Сағид-Уаһас Р. Қызғыш құс	335
Тебегенова А. Жазушы-ғалымның тәлімгерлік тағылымы.....	340
Табалдинова С. Жақсы адамның үлгісі	342
Қапалбеков Ұ. Асқар тауым, ақылшым!	355

Жыр-шашу

Жақып Б. Бабалар рухы қолдаған.....	358
Әшімхан Д. Мөлдір бұлақ.....	360
Құныпияұлы К. Аға мен іні	361
Қадырұлы Т. Елім деген ер	362
Төлеу А. Дария ой иесі	363
Құнапияқызы М. Тау өзеніндей тазасыз	364
Қажы С. Тойларың көп қой әлі де.....	365
Нағашыбек сазы	366

*Жангара ДӘДЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ АСЫЛ

Нағашыбек Қапалбекұлы 1950 жылы 16 наурызда Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Қызыләскер ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбегін ел таныған белгілі жазушы. Еңбек жолын қызыл әскер болудан бастаған. Одан беріде құрылысшы болып үй салды, автоклуб меңгерушісі болып ауыл мәдениетін көтеруге атсалысты. Аудан газетінде корректор, тілші, әдеби қызметкер, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, бас редактор қызметтерін атқарды. Жер көріп, ел таныды, ойын байытты. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Көргені де, көңілге түйгені де көп, дүниеге көзқарасы анық, мінезі жайсаң, жігерлі, қайратты азамат болып тұлғаланды. Туған жер, өскен елінің батырлық баяны мен ақындық үлгісінің теңіздей тебіреніп жатқан терең тарихынан таңғажайып тамаша тағылым тапты.

Нағашыбек Қапалбекұлының қоғамдық және шығармашылық қызметінің белендері мен белестерін барлай отырып, бір ерекше жайды арнайы атап өткім келеді. Ол жай – Нағашыбек Қапалбекұлының Ұлы Отан соғысының ардагері екендігі. Иә, ол – Ұлы Отан соғысының ардагері. Ұлы Отан соғысының ардагері деген кісінің қалауымен, талпынуымен немесе сұрауымен жететін атақ емес. Бұл жерде түсіндіру, түсінік, анықтама беру артық. Ұлы Отан соғысының ардагері деген атқа ешқандай түсінік, анықтама қажет емес. От пен оқтың боранын қақ жарып өтіп, аман-сау қалудың өзі қияметтің қыл-көпірінен өткеннен қиын болмаса, оңай емес-ау деп шамалаймын. Ұлы Отан соғысының ардагеріне түсетін үлкен салмақ, үлкен ауыртпалық бар. Ол – ардагердің жеке өзіне, өзінің жүрегіне түскен салмақ, өмір бойы өзі көтеріп келе жатқан ауыртпалық. От пен оқтың боранын жарып өтіп келіп, оның санадағы сызын жарты ғасыр бойы тік көтеріп жүруге, жай жүрмей, қоғамдық қызмет, жазушылық еңбек майданында ерен еңбек атқаруға ердің ері ғана шыдас беретін болуы керек. Нағашыбек Қапалбекұлының қоғамдық, азаматтық, шығармашылық қызметін ерлікпен парапар қабылдаймын.

Н. Қапалбекұлы халықаралық Жамбыл қорының бас директоры, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры, «Бәйдібек баба» республикалық қорының президенті, Қазақстан Республикасы Даманск оқиғасына қатысушы-ардагерлер кеңесінің төрағасы бола жүріп, ойы мен бойындағы күш-қайратын, ұйымдастырушылық қабілетін ел үшін игілікті, қоғам үшін қажетті іс-шараларды өткізуге жұмсап келеді. Ол қайраты тасыған жігіт шағында қоғам қайраткері ретінде бастаған және ел-жұрт, қоғам үшін пайдалы, көпсалалы, өнімді жұмыстарын ЮНЕСКО-ның Мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері, «Әділет. Рухани жаңғыру» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газеті редакция алқасының төрағасы болып жүрген бүгінгі күнге дейін үзбей және табысты жалғастыруда. Қоғамдық жұмыста да, лауазымдық қызметте де жазушы, қоғам қайраткері деген ардақты атына шық жуытқан емес, дақ та түсірмеді. Ол өзінің ісіне де, сөзіне де үлкен жауапкершілікпен қарайды және бастаған ісінің әрқашан да нәтижелі, көп үшін игілікті болуын көздейді. Мұндай ерен еңбек үлкен ерік-жігерге, тасыған күш-қайратқа, өзекті өмір тәжірибесіне, азаматтық берік ұстанымға негізделеді. Нағашыбек Қапалбекұлы – жігерлі, күш-қайраты тасыған, өмір тәжірибесі мол, азаматтық ұстанымы берік шығармашылық тұлға.

Н. Қапалбекұлы Ұлы Отан соғысының ардагері және қоғам қайраткері ретінде бастамашы, ұйымдастырушы болған бірталай салтанатты жиналыстар мен ғылыми конференцияларда сөз сөйледім, баяндама жасадым. Ақиық ақын Сүйінбайдың, ұлы жырау Жамбылдың, Кенен, Үмбетәлі ақындардың, Қарасай, Наурызбай, Сыпатай батырлардың, Төле бидің, Сарыбай бидің, басқа да тарихи тұлғалардың өміріне, елге сіңірген еңбегіне арналған тағылымды іс-шараларға қатыстым. Бір жағынан, ұлы даланың ұлы тұлғаларының рухына құрметімді білдірсем, екінші жағынан, халықтық маңызы бар үлкен іс-шаралардың басы-қасында жүрген Нағашыбек Қапалбекұлының бастауларына өз тарапымнан шығармашылық қостау жасадым.

Ертеде жасап, ертеде өткен, еліне еңбегі сіңген тұлғалардың рухына құрмет білдіріп, олардың өмірін өнеге тұту, халықтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымының асыл негізін насихаттау, қоғамның ақыл-ой қазынасын байытуға алаңсыз, аянбай қызмет ету – пайда ойламай, ар ойлаған азаматтың ісі. Қоғамдық, лауазымдық қызметте пайда ойламай, ар ойлаған азаматтың еңбегі әрқашан да игілікті.

Халықтың өмір сүру, тіршілік ету сапасын жақсартатын, қоғамның рухани болмысын жаңғыртатын, замананың тынысын ашатын таңғажайып күштің қайнар көзі – қара басының пайдасын ойламай, халықтың қамын ойлаған, ар ойлаған ізгі азаматтардың адал еңбегі. Менің түсінігімде, Нағашыбек Қапалбекұлы – қара басының пайдасын ойламай, халықтың қамын ойлап келе жатқан, ар ойлап келе жатқан, ақ-адал еңбегі өзі үшін де, өзгелер үшін де игілікті болып келе жатқан ізгі азамат.

Н. Қапалбекұлының шығармашылығының басты саласы – көркем проза, оның ішінде кіші және орта көлемді эпикалық түр. Бұларға қоса қаламгер драма саласында да шеберлігін шыңдай білді. Ендігі бір сала – эссе жанрындағы шығармалары. Оларда тарихи ақиқат болмыс пен көркемдік қиял өзара жарастықта тоғысады. Сыр-сұхбат үлгісіндегі ойлары мен толғаныстары да толымды.

Қаламгердің баспадан шығып, оқырмандарына жеткен кітаптарының әрқайсысының өзіне тән ерекше сыны мен сыры бар. Олардың жалпы саны да аз емес: бір кем елу. Автордың жартығасырлық шығармашылық өмір жолын көркейтіп, қазақ әдебиетінің әңгіме, хикаят жанры жайынан лайықты орын алған осы еңбектердің әрбірі өзінше ой толғап, өзгеше сыр айтады.

2015 жылы жазушының үш томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. Бірінші томда автордың таңдамалы әңгімелері топтастырылған. Екінші том повестерден тұрады. Үшінші томда деректі повестері мен бір топ әңгімелері берілген.

Жазушы шығармаларына арқау болған болмыс құбылыстардың өзегінде оның өз өмірінің ақиқат шындықтары маңызды қызмет атқарады. Өмір шындығы, ақиқат және оларды тану туралы әркімнің, әр қаламгердің, тіпті әр ойшылдың өз түсінігі, өз көзқарасы бар. Жазушының көркемдік әлеміндегі кейіпкерлер де ақиқат, шындық, әділет туралы өз түсініктерімен, өз пікірлерімен ерекшеленеді. Жазушы суреттеп отырған әлемде биліктің өз түсінігі болса, халықтың өз пікірі бар. Ондағы күштінің ұғымы бір басқа, әлсіздің жайы бір бөлек. Қаламгердің шығармаларында бейнеленген өмір құбылыстарының тобы түрлі-түрлі болғанмен, олардың өзегіндегі тартыс, достық пен дұшпандық, махаббат пен зұлымдық, еркіндік пен тәуелділік арасындағы бітіспес күрес деңгейінде бірбүтін сипат алады. Күрес үстіндегі әр тарап өз мақсатына, өз мұратына жетуді көздейді. Тараптардың әрқайсысының дұрыс деп білген, әділетті деп

тапқан өз ақиқаты бар. Әрқайсысы өзі әділетті деп білген ақиқат үшін өмір сүреді, сол үшін күреседі, сол үшін жан алуға да, жан беруге де даяр. Достықтан дұшпандық асып түсетін, қайырымдылықтан – қатыгездік, махаббаттан зұлымдық үстем болып шығатын ахуал да айқын. Солардың бәрінде үзілмеген ілгергі үміт қара талдың қарашадағы жапырағындай болып қалтырап-дірілдеп тұрады. Адам іздеген мұратына жете алмай, дұшпандық, қатыгездік, зұлымдық құрсауында бұлқынса да, ілгергі үмітін үзбейді. Осы үміт оны алға жетелейді. Өмірінің мәнін ол осы үмітінен көреді. Үміті барда оның өмірінің мәні де бар. Жазушы кейіпкерлерінің сындарлы қасиеті осында. Бұл – жазушы шығармашылығындағы адам концепциясының әрі мен нәрі дерлік басты рухани құндылық.

Адамның іздеген мұратына жетуінің іргелі алғышарттарының бірі – оның еркіндігін, басқалармен теңдігін, кісілік кемелдікке жетуін, өмір сүру сапасын қамтамасыз ететін әділетті мемлекеттік құрылыс. Мемлекеттік құрылыс қанша әділетті болды дегенмен, адамның өзі белсенді әрекет етпесе, ақылы мен қайратын ізгілікті және игілікті мақсат жолында жұмсамаса, ол теңдікке де, еркіндікке де, кемелдікке де жете алмайды. Автордың әңгімелері мен повестеріндегі адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас жүйесі оқушыларына осындай ой салады. Оның танымдық, тағылымдық мәні үлкен.

Жазушы шығармашылығының жарығы мен жылуы онда көрініс тапқан өмір шындығы һәм көркемдік шындықтың, болмыстағы нақты әлем суреті мен ықтимал әлем бейнесінің тоғысуынан таралады. Шығарма жүйесіндегі этикалық, эстетикалық, психологиялық, философиялық, болмыстық құбылыстардың семантикалық, логикалық, поэтикалық ендіктері мен бойлықтарындағы көркемдік тұтасу үдерісі және оның мәнісі деңгейінде анықталатын құндылықтар аса маңызды.

Нағашыбек Қапалбекұлы шығармашылығының өзегіндегі басты мәселе – ақиқат, шындық, әділет емес, жақсы мен жаман да емес, достық пен қастық, қайырымдылық пен қатыгездік немесе махаббат пен зұлымдық та емес. Қаламгер шығармашылығының өзегіндегі басты мәселе – адам мен қоғам. Адам түзелмейінше, қоғам түзелмейді. Адамды түзеу оңай емес. Жазушының ақиқат, шындық, әділет, жақсы мен жаман, достық пен қастық, қайырымдылық пен қатыгездік, махаббат пен зұлымдық туралы ойлары мен толғаныстары адам мен қоғам мәселесіне келіп тіреледі. Бұл – мәңгілік мәселе. Жазушы жалған дүниенің мәңгілік мәселелері туралы толғанады.